

9 Gostin L.O., Meier B.M., Chen J.W., et al. *Global Health and the Law* // *Journal of Law, Medicine & Ethics*. - 2014. - Vol. 42, No. 3. - P. 335–343.

References:

- 1 Tzanou M. *Health Data Privacy under the GDPR: Big Data Challenges and Regulatory Responses*. - Abingdon: Routledge, 2021. - 272 p.
- 2 Dahanova Zh.O. Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау саласының құқықтық реттелуінің маңыздылығы // *Vestnik KazNU. Serija juridicheskaja*. - 2019. - T. 54, № 2. - S. 52-54.
- 3 Erbolatov E.E., Zhetpisov S.K., Beksultanov A.S. *Konfidencial'nost' personal'nyh dannyh v uslovijah primenenija cifrovyyh tehnologij* // *Uchjonye trudy Almatinskoy akademii MVD Respubliki Kazakhstan imeni M. Esbulatova*. - 2023. - № 3(76). - S. 25-32.
- 4 Tlembaeva Zh.U. *Strahovanie professional'noj otvetstvennosti medicinskih rabotnikov kak mehanizm zashhity prava na ohranu zdorov'ja* // *Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazakhstan*. - 2025. - T. 80, № 3. - S. 317-324.
- 5 Razieva D.B. *Protivopravnost' kak jelement disciplinarnogo prostupka medicinskih rabotnikov* // *Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazakhstan*. - 2025. - T. 80, № 1. - S. 114-123.
- 6 Zhumashov D.N. *Voprosy gosudarstvennogo regulirovanija strahovyh pravovyh otnoshenij* // *Vestnik KazNPU imeni Abaja. Serija «Jurisprudencija»*. - 2023. - № 1(71). - S. 34–39.
- 7 Gostin L.O. *Global Health Law*. - Cambridge, MA: Harvard University Press, 2014. — 410 p.
- 8 Bygrave L.A. *Data Privacy Law: An International Perspective*. — Oxford: Oxford University Press, 2014. - 398 p.
- 9 Gostin L.O., Meier B.M., Chen J.W., et al. *Global Health and the Law* // *Journal of Law, Medicine & Ethics*. - 2014. - Vol. 42, No. 3. - P. 335–343.

FTAXP 10.19.61

10.51889/2959-6181.2025.82.4.008

ӨОЖ 34.03:004.056.5

С.С. Тунистанова^{1*} 

¹ I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
(e-mail: *Tin_019@mail.ru)

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ДАМУДАҒЫ ЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Жасанды интеллект саласы көптеген елдерде үкіметтің қолдауымен қарқынды дамып келеді. Бұл тақырыптың өзектілігі жасанды интеллектінің қолдану аясының кеңдігі мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалымен байланысты, сондықтан оның дамуы мен құқықтық реттелуі кез келген мемлекет үшін маңызды.

Мақала жасанды интеллектті этикалық және құқықтық реттеу мәселелеріне арналған. Ол жасанды интеллект қолданудан туындайтын жағдайларды, себептерін, осы бағытта зерттеу жүргізген ғалымдардың көзқарастарын, оның ішінде, этикалық қағидаттар, олардың деңгейі, мемлекеттік бағдарламалар, моделін жасаған мемлекеттер туралы қамтылған. Сонымен қатар жасанды интеллектіні басқару және бақылау тетіктерін жетілдіру бойынша әлемдік тәжірибе-лерге (Германия, Канада, Жапония, АҚШ, Қытай, Ұлыбритания) салыстырмалы түрде талдау жасалған.

Бұл зерттеу жасанды интеллект туралы зерттеу жасаушыларға арналған еңбек: біріншіден, осы салада бағдарлама жасаушылар мен заң шығарушыларға тиімді ұсыныс болып табылады.

Екіншіден заңгерлерге, студенттерге, жасанды интеллектті құқықтық реттеу саласында ізденушілерге арналады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, этика, құқықтық реттеу, этикалық реттеу, мемлекеттік саясат

Тинистановна С.С.¹

*¹Жетысуский университет имени И. Жансугурова
(e-mail: Tin_019@mail.ru)*

ЭТИЧЕСКИЕ И ПРАВОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация

Сфера искусственного интеллекта активно развивается во многих странах при поддержке правительств. Актуальность этой темы обусловлена широким спектром применения искусственного интеллекта и его влиянием на социально-экономическое развитие государства, поэтому его развитие и правовое регулирование имеют значение для любой страны.

Статья посвящена вопросам этического и правового регулирования искусственного интеллекта. В ней рассматриваются ситуации, возникающие при использовании искусственного интеллекта, причины, точки зрения ученых, проводивших исследования в этом направлении, включая этические принципы, их уровень, государственные программы и страны, разработавшие модели. А также был проведен сравнительный анализ мирового опыта (Германия, Канада, Япония, США, Китай, Великобритания) по совершенствованию механизмов управления и контроля искусственного интеллекта.

Данное исследование предназначено для тех, кто занимается изучением искусственного интеллекта: во-первых, оно является полезным предложением для разработчиков программ и законодателей в этой области. Во-вторых, оно адресовано юристам, студентам и исследователям в области правового регулирования искусственного интеллекта.

Ключевые слова: искусственный интеллект, этика, правовое регулирование, этическое регулирование, государственная политика

S.S. Tinistanova¹

*¹Zhetysu University named after I. Zhansugurov
(e-mail: Tin_019@mail.ru)*

ETHICAL AND LEGAL ISSUES OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE DEVELOPMENT

Abstract

The field of artificial intelligence is actively developing in many countries with government support. The relevance of this topic is due to the wide range of AI applications and its impact on a state's socio-economic development, making its development and legal regulation important for any country.

This article addresses the ethical and legal regulation of artificial intelligence. It examines situations arising from AI use, their causes, and the viewpoints of scientists who have researched this area, including ethical principles, their levels, government programs, and countries that have developed models.

A comparative analysis of global experience (Germany, Canada, Japan, the United States, China, and the United Kingdom) in improving the management and control mechanisms of artificial intelligence has also been conducted.

This research is intended for those studying artificial intelligence. Firstly, it offers valuable insights for software developers and policymakers in this field. Secondly, it is aimed at lawyers, students, and researchers in the area of AI legal regulation.

Keywords: artificial intelligence, ethics, legal regulation, ethical regulation, state policy

Kipicne

Отандық ғылым жасанды интеллект бұл – (ЖИ, artificial intelligence, AI) – интеллектуалды компьютерлік бағдарламаларды, машиналарды жасау технологиясы, әрі ғылым¹, - деп қарастырады, яғни бұл адамның ақыл – ойы мен әрекетін компьютерлік технологияның көмегімен жүзеге асыру. Осы саланың негізін қалаған Джон Маккарти «жасанды интеллект деген интеллектуалды машиналарды, соның ішінде интеллектуалды компьютерлік бағдарламаларды жасау техникасы мен ғылымы», - деп сипаттайды [1, 81 б.].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысымен бекітілген Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы: «Жасанды интеллекттің қоғамға әсері ешқашан соңғы бесжылдықтағыдай соншалықты айқын көрінбеген және жылдам қарыштап дамымаған. Әлемде жасанды интеллект технологияларының жарысы өтіп жатқанына бірнеше жыл болды және негізінен Google, Facebook, Microsoft, Alibaba, Baidu мен Tencent сияқты технологиялық алпауыттардың болуының, сондай-ақ жасанды интеллект саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерге қомақты инвестиция құюының арқасында айқын көш бастап келе жатқандар екеу – АҚШ пен Қытай», - деп көрсеткен². Жасанды интеллектті қолдану деңгейі жылдан жылға өсіп келе жатқандықтан, оның барлық жағынан реттелуі маңызды қадам болып табылады.

Біраз уақытқа дейін жасанды интеллект қолданудың нормативтік базасы болған жоқ. Тек 2017 жылы Жасанды интеллект қолданудың Азиломар қағидаттары қабылданып, адамзаттың жасанды интеллект пен робототехниканы дамытуға жауапкершілікпен қарауына негіз қаланды және барлық осы бағытта зерттеушілерге 23 қағидатты басшылыққа алуды, оның ішінде қауіпсіздік, соттың ашықтығы, жауаптылық, жеке құпиялылық, адами құндылықтар, т.б. қағидаттарды ұсынады³. Алайда тәжірибе бұл қағидаттардың әлі де болса жеткілікті деңгейде емес екендігін көрсетті.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр», - деді [2] және болашақта Цифрлық кодекс қабылданып, заңда жасанды интеллект, цифрландыру үдісінің негізгі бағыттары және т.б. мәселелер қарастыратындығын атап көрсетті.

Қазіргі кезеңде жасанды интеллект технологиясының қарыштап дамуы адамның өмірі мен қызметіне терең ене бастады. Оның тез әрекетке бейімділігі мен ақылы адамға әсер етіп қана қоймай, этикалық, құқықтық реттелу мәселесі де пікірталастар туғызады. Сонымен қатар, әлемдегі алпауыт мемлекеттердің басым көпшілігі технология, экономика, қорғаныс саласында көшбасшы ел болуына қажетті құрал ретінде жасанды интеллектті қолдану мен дамытуға баса мән бере бастады.

Қытай сынды мемлекеттер жасанды интеллектті дамытуға арналған көпжақты әдіс-тәсілдерді ойлап, табу, цифрлық алшақтықты азайту, жасанды интеллектті үнемі қолдану және оны пайдалану этикасын қалыптастыру мақсатын халықаралық ұйым құруды ұсынуда.

Адамзат баласы жасанды интеллект технологияларын кеңінен қолданған сайын заң ғылымы алдында бұл технологияны қолдану қандай қағидаттарға және нормаларға сүйенеді, оның адам өміріне енуі қандай өзгерістер әкеледі, жасанды интеллект технология ғана ма, әлде құқық субъектісі ретінде қараймыз ба, - деген сұрақтар ғылыми тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

¹Жасанды интеллект. - URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D1%81%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D1%8B_%D0%B8%D0%BD%D1%82%D0%B5%D0%BB%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D1%82 (қарау мерзімі: 11.08.2025)

²Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысымен бекітілген Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592> (қарау мерзімі: 11.08.2025)

³Азиломарские принципы искусственного интеллекта. - URL: <https://futureoflife.org/open-letter/ai-principles/> (қарау мерзімі: 30.08.2025)

Сонымен қатар, зерттеу жасанды интеллект қолданудың этикалық және құқықтық реттелуін жан – жақты талдауды мақсат етіп қояды.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы дайындауда: жасанды интеллект қолдануды құқықтық реттеу мәселелерін талдап, қайшылықтарды айқындауға мүмкіндік беретін диалектикалық әдістер қолданылды.

Жасанды интеллект технологиясын қолдануды этикалық және құқықтық реттеу тұрғысынан туындауы мүмкін проблемалық сәттер мен ықтимал жағдайларды анықтауда модельдеу тәсілі көмектесті. Ал талдау мен синтездеу арқылы тақырыпқа терең зерттеу жүргізу арқылы тұжырымдар жасалды.

Зерттеудің эмприкалық негізі ретінде жасанды интеллект қолдану туралы деректер, олардың түрлері туралы мәліметтер, қолданыстағы нормалар мен ғалымдардың көзқарастары алынды.

Нәтижелер мен талқылау

Германия, Канада, Жапония, Ватикан, АҚШ, т.б. мемлекеттер жасанды интеллект қолданудың этикалық қағидаларын, кейбірі мемлекеттік бағдарламалар қабылдады. Жасанды интеллекттің технологияларын қолдану құқықтық жағынан да, этикалық тұрғыдан да реттелуін зерттеген ғалымдардың көзқарастары әртүрлі. Мәселен, М.С. Лизикова жасанды интеллект технологияларын қолдануда қабылданған қағидаттардың барлығы өз деңгейінде емес және одан бірқатар мәселелер туындайды деп көрсетеді:

- этикалық ұсыныстарды қамтитын қағидаттардың мазмұны мен мәні барлық салада бірыңғай болмағандықтан, сәйкесінше, мәдени плюрализм мен жаһандық әділдікті елемеу қаупі туындайды және қарастырылған барлық құжаттарға тән ортақ этикалық ұғидаттың болмауы;

- қағидалар тұжырымдарындағы олқылықтар болса, олардың түсіндірілуіндегі келіспеушіліктер мен қақтығыстарға әкеледі;

- кейбір қағидалардың мазмұнының ашылмауы;

- қағидаларды қолданудың тәжірибемен ұштаспауы;

- этикалық қағидаттарды, ұсыныстарды қолданудағы белгісіздік;

- қағидаттарды қолдаудың тетіктерінің болмауы;

- жасанды интеллект жүйелерін әзірлеу және қолдану мақсаттарының қоғамдық құндылықтарға немесе негізгі құқықтарға сәйкес келмеуі (мысалы, пайда келтіру, зиян келтірмеу, әділдік және түсініктілік). [3, 181-182 б.] Ал Қазақстан «Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» түріндегі құжатты қабылдады.

В.С. Лукьянченко жасанды интеллектінің этикалық мәселелерді туындататындығын алға тарта отырып, оның бірнеше себептерін көрсетеді:

- 1) техникалық шектеулер. Қазіргі уақытта жасанды интеллект сандық есептеу мен талдаулар, шешім қабылдау саласында маңызды рөл атқарады, бірақ оның эмоцияларды білдіру саласында рөлін айқындау қиын. Жасанды интеллект жалпы алгоритмдерге арқа сүйейді, сондықтан оның адам құндылықтарын, адамгершілік құндылықтарын алгоритмге енгізуі мәселе туындатады;

- 2) нақты этикалық қағидаттардың болмауы. Жасанды интеллекттің уақыт өткен сайын дамуымен адамдар туралы көзқарасымыз өзгереіп барады, сондықтан этикалық қағидаттардың болуы маңызды;

- 3) негізсіз саясатты құру. Саяси деңгейде жасанды интеллект негізінен техникалық және экономикалық аспектілерге бағытталған. Философия және әлеуметтік ғылымдар саласындағы санаулы ғалымдар ғана жасанды интеллектке қатысты этикалық және әлеуметтік мәселелерге назар аудара бастады. Алайда, бұл талқылаулар мемлекеттік саясаттың күн тәртібіне енбеді және оларға тұтас түсіністік пен талқылау жетіспеді. Сондықтан қоғамда тиісті саясаттың және саясаттың жоқтығы бірқатар этикалық мәселелерді тудырды;

- 4) бақылау механизмінің кемшіліктері. Жасанды интеллект технологиясы қазіргі ғылым

мен техниканың қарқынды даму кезеңінде болғанымен, тиімді қадағалау механизмі жоқ. Мысалы, адамдардың ақпарат көздері көбінесе интеллектуалды машиналарға тәуелді, және бұл тәуелділік пен жолға сіңу барысында алдын ала қалыптасқан пікірлер күшейіп, нәтижесінде бұрмалану артады. Этикалық мәселелердің туындау себептерін көрсете отырып, шешу жолдары ретінде:

- жасанды интеллект қолданы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту;
- мемлекеттің ақылға қонымды саясатын жүзеге асыру;
- жасанды интеллект этикасын құруды ұсынады [4, 1092-1093 б.].

В. Лукьянченконың этикалық тұжырымдар жасау идеясын М. Игошкина да қолдайды. Ол жасанды интеллект қолдануды этикалық тұрғыдан реттеуде кәсіби стандарт шеңберінде құқықтық әрекет ететін кәсіби мамандардан құралған этикалық комитет пен комиссия құруды ұсынады. Таза этикалық тексерістер мен тәуелсіз этикалық аудит жұмысының нәтижесінде осы қызметті жүзеге асыруда жауаптылық болады және лицензиясынан айрылатындығын түсінеді деп есептейді. Этикалық талаптарды сақтау тек жауаптылық бар жағдайда және жасанды интеллект қолдануды жүзеге асыратын субъектілердің құқыққа қайшы әрекеттерінен туындайды. Алайда, жасанды интеллект қолдануда этикалық құжаттардың заңды күші жоқ, сондықтан оны орындау міндеттілігі болмайды. Көп жағдайда этика жөніндегі бастамалардың заңдық күші болмағандықтан, популизмнің элементі болып қалады және тәжірибеде мәнін жоғалтады. Сондықтан бұл жағдайда заңдық күші бар этикалық нормаларды қабылдауды ұсынады [5, 418 б.].

Ұлыбритания, АҚШ, Қытайдың тәжірибесін зерттеген Ли Яо бұл мемлекеттерде де қабылданған жобалар мен бағдарламалардың заңдық күші жоқ екендігін сипаттайды: Ұлыбритания үкіметі «Жасанды интеллектіні реттеуге арналған инновациялық тәсіл» (A pro-innovation approach to AI regulation) атты бағдарламалық құжатты жариялады. Үкімет жасанды интеллект технологияларының даму қарқынын ескере отырып, құқықтық реттеудің икемді болуын қажет деп санайды.

АҚШ та жасанды интеллект саласындағы халықаралық көшбасшылығын сақтау мақсатында салыстырмалы түрде «жұмсақ реттеуді» ұстанады. 2022 жылы 4 ақпанда Ақ үйдің ғылыми-техникалық саясат басқармасы «Жасанды интеллект құқықтары туралы заң жобасын» (Blueprint for an AI Bill of Rights) жариялады. Құжат бес қағидатты қамтиды:

қауіптілігі жоқ, әрі жүйенің тиімділігі; деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету, алгоритмдердің кемсітушіліктерінен қорғау; пайдаланушыларға жүйенің жұмысы туралы түсінік беру; маңызды ақпараттармен хабардар ету; жүйенің жұмысын пайдаланушыларға түсіндіру және маңызды әрекеттер туралы хабарлау; машинаның орнына адамды таңдау мүмкіндігі. Құжатта оның заң күші жоқ екені, бірақ адам құқықтарына қатысты мемлекеттік жүйелерді әзірлеу кезінде қолданылуы тиіс принциптерді біріктіретіні және барлық автоматтандырылған жүйелерді әзірлеушілерге ұсынылатыны атап өтілген [6, 251-252 б.].

Қазақстанда да қазіргі кезеңде адами капиталды дамыту мен оқу орындарында білім берумен қатар ғылыми-зерттеу тәсілдеріне бейімдеуге бағытталған «AI – Sana» бағдарламасының маңызы артып келеді.

И.Н. Петев робототехника мен жоғарғы деңгейлі технологиядар адам өмірінің құрамдас бір бөлігіне айналған кезеңде оның тек жасалуына ғана емес, мәртебесін айқындаудың өзі маңызды деп есептейді. Себебі жасанды интеллектіні әскери сипаттағы құрал ретінде қолданудың құқықтық реттелу мәселесін көтерді. Жасанды интеллект қару болып табылмайды, бірақ оның технологияларына қолжетімділікті ерекше регламенттеуді талап етеді [7, 59 б.].

ЕО жасанды интеллектіні реттеу актісі (AI Act) маңызды рөл атқарады, онда әр саланың бұл жүйені қолдану кеңістігі қарастырылған, құқыққорғау органдары:

- адамның қылмыс құрбаны болу қаупін бағалау үшін қолданылады;
- полиграфия. Қылмыстық тергеу немесе қудалау кезінде дәлелдемелердің сенімділігін бағалау;

– жеке тұлғаның жеке қасиеттерін немесе бұрынғы қылмыстық мінез-құлқын профильдеу немесе бағалау негізінде ғана емес, жеке тұлғаның қылмыс жасау немесе қайта қылмыс жасау қаупін бағалау.

– қылмыстарды анықтау, тергеу немесе қудалау кезінде профильдеу мақсатында қолданатындығы көрсетілген⁴.

Ючжоу Цянь а мен Кенг Л. Сиау жасанды интеллекттің қоғам мен кәсіпкерлік саласында жылдам тарауы, оларды пайдалану болашақта қоғамға үлкен әсерін тигізіп, жұмыс орнының болашағын көрсетеді деген пікір білдіреді.

Сонымен қатар этикалық, құқықтық нормалардың айырмашылығын салыстырып көрсетеді [8, 313 б.] (кесте 1).

Кесте 1. «Занды» және «этикалық» жасанды интеллектінің арасындағы айырмашылықтар

	Занды	Этикалық
анықтама	Жасанды интеллектіні әзірлеу мен қолданудың заңға сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін қоғамның әкімшілік органы жасаған және орындайтын ережелер мен ережелер жиынтығы.	Жасанды интеллекттің мінез-құлқын реттейтін моральдық принциптер немесе оның дамуы мен қолданылуына қатысты қайшылықтар.
мақсат	Жасанды интеллекттің заңға сай дамуы мен қолданылуын құру.	Жасанды интеллекті әзірлеу мен пайдалануда этиканың орталық болуын қамтамасыз ету.
салдары	Жасанды интеллектіні дамыту мен пайдалануды қадағалау мен басшылықты қамтамасыз ету үшін заңнамалық базаны әзірлеу	Жасанды интеллектіні дамыту мен пайдалануды басқару үшін бар моральдық принциптерді қабылдау және бейімдеу, сондай-ақ жаңа моральдық принциптерді тұжырымдау

Қазақстандық ғалым В.Т. Конусова әр елдің жасанды интеллектті дамыту және тарату деңгейі әртүрлі болғандықтан, аталған саланы нормативтік - құқықтық реттеу тәсілдері де әрқилы, бірақ әмбебап тәсілдің жоқтығын алға тартады. Сонымен қатар, аталған қоғамдық қатынастар саласын заңнамалық реттеудің жақтаушылары мен қарсылары да бар. Мәселен, қарсылар заңнамалық реттеудің жаңа технологиялардың дамуына кедергі болатынын айтады. Дегенмен, жасанды интеллект саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеудің айқын қажеттілігі байқалады, бұл оның адамға бағытталғандығын және максималды этикалықтығын қамтамасыз етеді. Жасанды интеллект саласын заңнамалық реттеудің жақтаушылары, қоғамның игілігі үшін белгілі бір этикалық және реттеушілік шеңберде жасанды интеллекттің дамуына ықпал ететін реттеу моделін әзірлеу қажеттігін атап өтеді [9, 53 б.].

Г.А. Жетписбаев пен Г.Т. Байсалова Қазақстан Республикасында да жаңа заңдардың қабылдануы кез келген саланың құқықтық реттелуіне және сонымен қатар жаңа құқықтық институттар пайда болуына мүмкіндік береді, - деп санайды [10, 20 б.].

Жасанды интеллект технологияларын заң ғылымы саласында қолдану мүмкіндіктері қаншалықты екендігін нақты болжамайды, бірақ мына жағдайлар анық екендігін көрсетеді:

- шексіз уақыт
- шексіз ақпарат
- шексіз концептуалды лингвистикалық айқындық
- шексіз рөлдерді өзгерту қабілеті мен дайындығы
- шексіз кемшіліксіздік [11, 809 б.].

⁴ EU artificial intelligence act. - URL: <https://artificialintelligenceact.eu/> (қауып мерзімі: 15.09.2025)

Жасанды интеллектті қолдануды құқықтық реттеудің еуропалық тәжірибесін зерттей келе, В.Т. Конусова мынадай ұсыныстар білдіреді:

- Жасанды интеллектті пайдалану мен пайдаланушыларға әсер етуіне қарай реттеу және тиісті реттеу шараларын әзірлеу мен енгізу жауапкершілігін реттеуші органдарға жүктеу;
- Нақты тәуекелдер немесе жоғалған мүмкіндіктер туралы айқын дәлелдері бар жоғары тәуекелді сауалнамаларға шоғырлану. Бұл инновацияны ынталандыруға және қажетсіз кедергілерді болдырмауға мүмкіндік береді;
- Экономиканың әртүрлі секторларына қолданылатын жалпы қағидаттар жиынтығын белгілеу [9, 54 -55 б.].

Қорытынды

Қорыта келгенде, Қазақстанда да жасанды интеллект моделі дамып келеді және осы үдерісті одан әрі дамыту үшін:

1. Жасанды интеллект инфрақұрылымын дамыту, яғни заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;
2. Жасанды интеллект туралы білім беру мен оқытуды жетілдіру. Оқу курстарын енгізу, шет мемлекеттермен озық тәжірибе алмасу.
3. Жасанды интеллектке қатысты ұғымдар бекітілген заңның қабылдануы;
4. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, жасанды интеллект субъектілерінің әрекетін дамытуға негіз болатын, жасанды интеллект қолданудың этикалық кодексін қабылдау;
5. Жасанды интеллектіге қатысты техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың болуы қажет деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Daniel Oliveira Cajueiro a c d, Victor Rafael Rezende Celestino *A comprehensive review of Artificial Intelligence regulation: Weighing ethical principles and innovation // Journal of Economy and Technology, Volume 4, 2025, Pages 77 - 91.*
- 2 Тоқаев Қ.К. 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/50000604> (қарау мерзімі: 09.09.2025)
- 3 Лизикова М.С. *Этические и правовые вопросы развития искусственного интеллекта // Труды института государства и права, 2022. - Том 17. . С. 177 – 194.*
- 4 Лукьянченко В.С. *Этические проблемы искусственного интеллекта // Научный аспект, 2023. - №6. – 9 том. – С. 1089 – 1099.*
- 5 Игошкина М.Я. *Этические и правовые проблемы внедрения технологий искусственного интеллекта // Образование и право, 2024. - №8. – С. 417 - 420.*
- 6 Ли Яо *Нормативно-правовое регулирование генеративного искусственного интеллекта в Великобритании, США, Европейском союзе и Китае // Высшая школа экономики, 2023. – С. 245 – 259.*
- 7 Петев И.Н. *Экзистенциальная, правовая и этические проблемы искусственного интеллекта // Векторы благополучия: экономика и социум, 2022. - №2(45). – С. 55 -70.*
- 8 Yuzhou Qian a, Keng L. Siau b *Societal impacts of artificial intelligence: Ethical, legal, and governance issues // Societal Impacts, Volume 3, June 2024, 100040.*
- 9 Конусова В.Т. *регуляторная политика в сфере искусственного интеллекта: исследование подходов к правовому регулированию // Вестник института законодательства и правовой информации РК, 2023. - № 3 (74). С. 48 – 58.*
- 10 Жетписбаев Г.А., Байсалова Г.Т. *Казахстанская модель цифровизации: трансформация правовых институтов // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Юриспруденция», 2024. - №4(78). – С. 17 – 25.*
- 11 Giselle Lorena De la Torre Sotoa, Ferney Asdrubal Rodriguez-Serpa *Artificial Intelligence: A New Reasoning Method for Legal Science // Procedia Computer Science 251 (2024) 807–813.*

References:

- 1 Daniel Oliveira Cajueiro a c d, Victor Rafael Rezende Celestino *A comprehensive review of Artificial Intelligence regulation: Weighing ethical principles and innovation* // *Journal of Economy and Technology*, Volume 4, 2025, Pages 77 - 91.
- 2 Тоқаев Қ.К. 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Zhasandy intellekt дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны тыбеgejli цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы.- URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/50000604> (қарау мерзімі: 09.09.2025)
- 3 Lizikova M.S. *Jeticheskie i pravovye voprosy razvitii iskusstvennogo intelekta* // *Trudy instituta gosudarstva i prava*, 2022. - Tom 17. – S. 177 – 194.
- 4 Luk'janchenko V.S. *Jeticheskie problemy iskusstvennogo intelekta* // *Nauchnyj aspekt*, 2023. - №6. – 9 tom. – S. 1089 – 1099.
- 5 Igoshkina M.Ja. *Jeticheskie i pravoye problemy vnedrenija tehnologij iskusstvennogo intelekta* // *Obrazovanie i pravo*, 2024. - №8. – S. 417 - 420.
- 6 Li Jao *Normativno-pravovoe regulirovanie generativnogo iskusstvennogo intelekta v Velikobritanii, SShA, Evropejskom sojuze i Kitae* // *Vysshaja shkola jekonomiki*, 2023. – S. 245 – 259.
- 7 Petev I.N. *Jekzistencial'naja, pravovaja i jeticheskie problemy iskustvennogo intelekta* // *Vektory blagopoluchija: jekonomika i socium*, 2022. - №2(45). – S. 55 -70.
- 8 Yuzhou Qian a, Keng L. Siau b *Societal impacts of artificial intelligence: Ethical, legal, and governance issues* // *Societal Impacts*, Volume 3, June 2024, 100040.
- 9 Konusova V.T. *reguljatornaja politika v sfere iskusstvennnogo intelekta: issledovanie podhodov k pravovomu regulirovanib* // *Vestnik instituta zakonadatel'stva i pravovoj informacii RK*, 2023. - № 3 (74). S. 48 – 58.
- 10 Zhetpisbaev G.A., Bajsalova G.T. *Kazahstanskaja model' cifrovizacii: transformacija pravovyh institutov* // *Vestnik KazNPU imeni Abaja, serija «Jurisprudencija»*, 2024. - №4(78). – S. 17 – 25.
- 11 Giselle Lorena De la Torre Sotoa, Ferney Asdrubal Rodriguez-Serpa *Artificial Intelligence: A New Reasoning Method for Legal Science* // *Procedia Computer Science* 251 (2024) 807–813.